



AsiaCredit Bank

**«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»
акционерлік қоғамының**

Үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы проспектісі

(«AsiaCredit Bank(АзияКредит Банк)» АҚ)

Шығарылымы:	бірінші
Облигациялардың түрі:	реттелген купондық облигациялар, қамтамасыз етілмеген
Шығарылымның көлемі:	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
Облигациялардың белгіленген бағасы:	1 (бір) теңге
Дана саны:	10 000 000 000 (он миллиард) дана

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсынымдарды беру дегенді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжатта жазылған ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың дұрыстығына жауапты және онда берілген барлық ақпараттың дұрыс екендігін және инвесторларды Эмитент пен оның облигацияларына қатысты адасушылыққа алып келмейтіндігін растайды.

Алматы қ., 2015 ж.

I. Осы облигациялар шығарылымы «AsiaCredit Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «АзияКредитБанк» АҚ) (бұдан әрі - Эмитент) үшінші облигациялық бағдарламасы шығарылымының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

II. Эмитенттің облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

- 1) **екінші облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні** : көрсетілмейді, өйткені Облигациялардың бірінші шығарылымының Проспекті мемлекеттік тіркеуден өту үшін уәкілетті органға Эмитенттің Үшінші облигациялық бағдарлама проспектімен бір уақытта ұсынылады.
- 2) **шығарылым жүзеге асырылатын үшінші облигациялық бағдарламаның ақшалай көлемі:** 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге;
- 3) **облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:** екінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың 1 (бірінші) шығарылымы;
- 1) **облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялардың саны, шығарылымның атаулы құн бойынша көлемі және аталмыш облигациялық бағдарламаның шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны):**
Шығарылым Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының аясында бірінші шығарылым болғандықтан, ол қолданылмайды.

III. Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі бірінші шығарылымның құрылымы:

1. **Облигациялардың түрі:** Қазақстан Республикасының заңнамасна бойынша шығарылатын қамтамасыз етілмеген атаулы купондық реттелген облигациялар.
Облигациялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы немесе азаматтық-құқықтық шарттар негізінде Эмитенттің депозиторлары мен негізгі кредиторларына қатысты реттелген.
2. **Шығарылатын облигациялардың саны** – 10 000 000 000 (он миллиард) дана. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі - 10 000 000 000 (он миллиард) теңге.
3. **Бір облигацияның атаулы құны** – 1 (бір) теңге;
4. **Төмендегідей көрсетілген облигациялар бойынша сыйақы:**
 - 1) **облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:**
барлық айналыс кезеңінде жылдық 12,00% (он екі пайыз) деңгейінде белгіленген
 - 2) **облигациялар айнала бастаған күн:**
Облигациялар айнала бастаған күн – облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне енгізілген күннен бастап. Ресми тізімге енгізілген күн туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланатын болады.
 - 3) **сыйақы есептеле басталатын күн:**
Купондық сыйақы есептеле бастаған күн олардың айналысқа енгізілген күні табылады.
 - 4) **сыйақының төленетін кезеңділігі және күндері:**
Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жылына екі рет, облигациялар айналысқа енгізілген күннен бастап өтейтін күнге дейін жыл сайын әрбір 6 (алты) ай сайын жүргізіліп отырады.
 - 5) **сыйақы төлеу тәртібі және шарттары:**
Купондық сыйақыны төлеу үшін облигацияны ұстаушылардың тізілімін белгілеу осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында жүргізіледі. Облигациялар бойынша сыйақы төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оны алу құқығына ие тұлғаларға

төленетін болады. Купондық сыйақыны төлеу ақшаны облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияны ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шот болған жағдайда облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша теңге арқылы облигацияны ұстаушылардың банктік шоттарына жүргізіледі. Облигацияны ұстаушыдан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде, теңге бойынша соманы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша басқа валютаға айырбастауға болады. Соманы теңгеден басқа валютаға айырбастау облигацияны ұстаушының есебінен жүргізілетін болады.

6) сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

облигациялар бойынша купондық сыйақыны есептеу Биржаның ішкі құжаттарға сәйкес 360/30 уақытша база есебінен жүргізіледі (жылына 360 күн/айына 30 күн).

7) индекс қойылған облигациялар шығарылған кездегі есеп айырысу тәртібі:

облигациялар шығарылымы индекс жүргізілмегендіктен қолданылмайды.

8) егер сыйақы мөлшерлемесі белгіленген болмаса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:

сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың барлық айналатын кезеңінде белгіленген болып табылады.

5. Облигациялардың айналысы және оларды өтеу туралы мәліметтер:

1) облигациялардың айналысы басталған күні:

Облигациялардың айналысының басталу күні болып облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ тың бағалы бағаздарының ресми тізіміне енгізген күн саналады.

2) облигациялардың айналатын мерзімі:

облигациялардың айналатын мерзімі – айнала бастаған күннен бастап 10 (он) жыл

3) және оларды өтеу шарттары:

Облигациялар айналатын соңғы күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаны аударып отырып, облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны аударып, соңғы купондық кезеңдегі сыйақыны біржолғы етіп төлей отырып, облигациялар атаулы күн бойынша теңгеде айналым мерзімінің соңында өтеледі. Егер облигацияны ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, негізгі борыштың сомасын және соңғы купондық сыйақыны төлеу облигацияны ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттары Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде, банктік шоттарына жүргізілетін болады. Облигацияны ұстаушылардан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде, Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген бейрезиденттері үшін сомаларды теңгеде және өзге де валютада айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мұндай төлем жүзеге асырылатын күні белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Сомаларды теңгеде және өзге де валютада айырбастау облигацияны ұстаушылардың есебінен жүргізілетін болады.

Соңғы кезеңдегі негізгі борышты және купондық сыйақыны алуға облигацияны ұстаушылардың тізілімінде облигациялар айналатын соңғы күннің басындағы жағдай бойынша тіркелген тұлғалар құқылы.

4) Облигациялардың айналуы:

Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтардар айналыста болады.

5) облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар айнала бастаған күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін.

6) облигацияларды өтеу жүргізілетін орын:

Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Гоголь көш., 95/70 тел.: 8 (727) 258-85-55 факс: 8 (727) 258-88-55.

6. Облигациялар бойынша қамтамасыздық:

Облигациялар қамтамасыз етілген немесе ипотекалық немесе Эмитенттің немесе байланысты тұлғаның кепілдігімен өтелген болып табылмайды және Эмитенттің басқа кредиторлар алдында басымдыққа ие, қандай да бір азаматтық-құқықтық шарттардан және өзге талаптардан туындайтын міндеттемелерді қарастырмайды.

7. Облигацияны ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:

Облигация ұстаушылардың қызметін 2004 жылғы 22 қыркүйекте берілген номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға № 0401200886 лицензиясы бар «Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Манас к-сі, 32А, тел. +7 (727) 259-88-77) атқарады. Облигация ұстаушылардың өкілі өз қызметін 05.10.2015ж. №05/2-ПДО шарты негізінде жүзеге асырады.

8. Тіркеуші туралы мәліметтер:

Облигация ұстаушылардың тізілімін құру, жүргізу және сақтауды өз қызметіне 2014 жылы 01 қаңтарда Эмитентпен жасалған №230 бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу бойынша шарт негізінде жүзеге асыратын, тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірінғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30А/3, тел. 8 (727) 272-47-60) жүргізеді.

9. Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер – облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атаулары, орналасқан мекенжайлары, тиісті шарттардың күндері мен нөмірлері:

Андеррайтер осы облигацияларын шығарылымын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне енгізген соң таңдалады.

10. Облигацияларды Биржаның ресми сайтына енгізу мен орналастыру мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдар туралы мәліметтер:

Эмитенттің қаржы кеңесшісі 2006 жылғы 31 шілдеде берілген номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға №0401201249 лицензиясы бар, «BCC Invest» акционерлік қоғамы болып табылады. Қаржы кеңесшісі өз қызметін 2015 жылғы 29 қыркүйектегі №BCC-I/2015-004 шарт негізінде жүзеге асырады.

11. Төлем агенті туралы мәліметтер:

Төлем агенті көзделмеген. Эмитент сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай өз бетінше жүзеге асырады.

12. Облигацияны ұстаушыға облигацияда ұсынылатын құқықтар:

- Облигациялардың номиналды құнын осы Проспектінің талаптарында көзделген тәртіпте және мерзімде алуға құқығы;
- Белгіленген сыйақыны осы Проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімде алуға құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыруға құқығы;

- Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борыштың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әр күн үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл орайда, Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борыштың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әр күн үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбының көлемі міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күні (яғни, төлем жүргізілген кезеңдегі соңғы күннен кейінгі күн) әрекет ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру бойынша ресми мөлшерлемесінен есептеледі.

Облигация ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.

Облигация ұстаушылардың купондық сыйақыны төлеу деңгейін және сатып алу ниеттерін арттыруды талап ету қарастырылмаған.

Облигация ұстаушылардың облигацияларды және облигациялардың номиналды құнын мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы, Эмитенттің банкроттығы немесе таратылуы жағдайларын қоспағанда, қарастырылмаған.

Облигация ұстаушылардың Эмитенттің өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы қарастырылмаған.

13. Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар:

Облигациялар бойынша дефолт – бұл негізгі борышты немесе купондық сыйақыны төлеудің осы Проспектінің шарттарында белгіленген мерзімі аяқталғанан кейінгі келесі күннен бастап Эмитенттің кінәсінен купондық сыйақыны, номиналдық құнын және соңғы купондық сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу.

Эмитент Үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі Облигациялар шығарылымының бірінші проспектісі бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен, егер осындай орындамау тежеусіз күш жағдайы салдарынан болса, босатылады. Тежеусіз күш жағдайы деп алдын алу немесе болжау мүмкін болмаған жағдайлардың (табиғат апаттары, соғыс әрекеттері, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) басталуы айылады. Тежеусіз күш жағдайлары пайда болған жағдайда Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар және оның салдары әрекет ететін мерзімге тең кезеңге жылжытылады.

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда, Эмитент Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемелерді немесе оның сәйкес бөлігін орындау күні (яғни төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінен алып есептелетін әрбір мерзімін кешіктірген күн үшін облигация ұстаушылардың пайдасына өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім барысында, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай мерзім болмаса – дефолт жағдайы басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Эмитент облигация ұстаушылардың өкіліне ескерту, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында (<http://asiacreditbank.kz>), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (<http://kase.kz>), Қаржы есептілігінің депозитарийінің ресми сайтында (<http://dfo.kz>), сондай-ақ «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газетінде жариялау арқылы облигация ұстаушыларға осындай дерек туралы, сондай-ақ төмендегі ақпаратты хабарлайды:

- Дефолт дерегі туралы ақпаратты;
- Эмитенттің дефолт күнгі орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- Міндеттемелерді орындамау себептері;
- Эмитентке қойылатын өтініш беру тәртібі мен мерзімін қоса, өзінің міндеттемелерін қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушылардың ықтималды әрекеттерін тізімдеу;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпартты таратуды тапсыру қарастырылмайды. Дефолт жағдайы басталғанда Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, дефолт жағдайын туындатқан себептерді жою бойынша іс-шаралар Жоспарын әзірлейді және Эмитенттің тиісті органының бекітеді.

Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда облигация ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылады.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ жауапкершілік алатын тұлғалар – жоқ.

14. Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімін бұрын өтеу құқығы:

Эмитент төмендегі жағдайларды сақтай отырып, кемінде бес жыл өткен соң ғана облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде өтей алады:

- Уәкілетті органның оң шешімі болғанда;
- Капиталды алмастыру үшін дәл сондай сападағы немесе одан жақсы сападағы капитал ұсынғанда;
- Эмитентті капиталдауды, мерзімсіз құралдарды қайтарып алу салдарынан капиталдың талап етілетін ең төмен орташа деңгейінен жоғары деңгейге жақсартқанда

15. Эмитенттің облигация ұстаушыларға өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы, ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімін және тәсілдерін көрсете отырып ақпарат беру тәртібі, сонымен қатар облигациялар шығарылымының проспектіде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзғаны туралы ақпарат беру:

Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат, сонымен қатар халықаралық қаржы есептілік стандарттарына сәйкес жасалған Эмитенттің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есеп Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта көрсетілген мерзімге және тәртіпке сәйкес Эмитенттің (www.asiacreditbank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) ресми сайтында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімге және тәртіпке сәйкес Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайтында жарияланады және тұрақты негізде жаңартылып тұрады.

Осы облигациялар шығарылымының проспектіде шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған.

16. Облигацияларды орналастырудан түсетін ақшаны пайдалану туралы мәлімет:

Облигацияларды шығару және орналастырудан алынған ақша қаражаты капиталдың жеткіліктілік деңгейін қолдауға және Эмитенттің қорландыру базасын арттыруға жұмсалады. Эмитент өзінің міндеттемелерін әртараптандыруға және облигацияларды орналастырудан алынған ақша қаражатын Қазақстанның нақты экономика секторына кредит беруге жұмсауға ниетті. Сонымен қатар, Эмитент Қазақстан Республикасының ірі, орта және шағын бизнес кәсіпорындарына кредит беруді жалғастырады.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарлы бөлуге өзгерістер енгізуге болатын жағдайлар болғанда, Эмитент Облигациялар шығарылымының проспектіне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

17. Эмитенттің сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көзін және ағынын облигацияларды өтегенге дейін сыйақыны төлеу бойынша әрбір кезең бөлігінде болжау:

Осы Проспектінің 1 Қосымшасында берілген.

18. Эмитент қолданатын және Заңда көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер ол Эмитенттің облигацияларды шығару туралы органының шешімімен көзделсе):

Осы облигацияларды шығару проспектіңде қосымша шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған.

19. Опциондар туралы ақпарат:

Опциондар көзделмеген.

20. Айырбасталатын облигациялар:

Шығарылатын облигациялар акцияға айырбасталмайды.

21. Облигацияларды орналастыру мерзімі:

1) Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:

Облигациялар сауда-саттықты ұйымдастыру ережесіне сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдық нарығындағы бүкіл айналыс мерзімі барысында орналастырылады.

Облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылмайды.

Эмитент немесе Эмитент бақылау жүргізген немесе оның қызметіне елеулі әсер ететін, Эмитентпен ерекше қарым-қатынаспен байланысты тұлға облигацияларды стаып алуға құқығы жоқ, сол сияқты Эмитент те осы облигацияларды сатып алуды тікелей немесе жанама түрде қаржыландырмайды.

2) Акцияға айырбасталатын облигацияларды жазылу арқылы орналастыру кезінде айырбастау талаптары көрсетіледі:

Облигациялар акцияға айырбасталмайды.

3) Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі:

Облигациялар Биржаның сауда жүйесінде сауда-саттық жүргізу арқылы орналастырады, облигациялар төлемі сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Облигациялар қолма-қол ақшасыз түрде төленеді.

Облигациялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылады.

Басқарма Төрағасының

Нугыманов Б.Т.

Бас бухгалтер

Мусағалиева Н.М.



Үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы проспектісіне № Қосымша
Эмитенттің сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көзін және ағынын облигацияларды өтегенге дейін сыйақыны төлеу бойынша әрбір кезең бөлігінде болжау.
Купондық сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін Эмитент негізгі қызметтер түсетін ақша қаражатының ағынына болжам жасайды.

тыс. тенге

№	Кезең	Облигацияларды орналастыру			Депозиттер	Ақша қаражаты түсімінің жыны	Облигацияларды өтеу			Купонды төлеу			Кредиттер беру неттосы	Ақша қаражаты жылыстауының жыны	Басындағы ақша	Соңындағы ақша
		1-Бағдарлама	2-Бағдарлама	3-Бағдарлама			1-Бағдарлама	2-Бағдарлама	3-Бағдарлама	1-Бағдарлама	2-Бағдарлама	3-Бағдарлама				
1	2 жартыжылдық 2015	0	0	8 000 000	4 124 971	12 124 971	0	0	0	600 000	0	0	3 484 011	4 084 011	13 392 132	21 433 092
2	1 жартыжылдық 2016	0	0	0	7 523 896	7 523 896	0	0	0	600 000	0	480 000	5 372 241	6 452 241	21 433 092	22 504 747
3	2 жартыжылдық 2016	5 000 000	0	2 000 000	2 017 341	9 017 341	0	0	0	800 000	0	600 000	6 492 104	7 892 104	22 504 747	23 629 984
4	1 жартыжылдық 2017	5 000 000	0	0	4 962 220	9 962 220	0	0	0	1 000 000	0	600 000	7 180 721	8 780 721	23 629 984	24 811 483
5	2 жартыжылдық 2017	5 000 000	0	0	6 424 871	11 424 871	0	0	0	1 200 000	0	600 000	8 384 297	10 184 297	24 811 483	26 052 057
6	1 жартыжылдық 2018	0	10 000 000	0	3 024 330	13 024 330	0	0	0	1 200 000	400 000	600 000	9 521 727	11 721 727	26 052 057	27 354 660
7	2 жартыжылдық 2018	0	10 000 000	0	4 872 873	14 872 873	0	0	0	1 200 000	800 000	600 000	10 905 140	13 505 140	27 354 660	28 722 393
8	1 жартыжылдық 2019	0	10 000 000	0	2 895 901	12 895 901	0	0	0	1 200 000	1 200 000	600 000	8 459 781	11 459 781	28 722 393	30 158 513
9	2 жартыжылдық 2019	0	10 000 000	0	11 689 177	21 689 177	10 000 000	0	0	1 200 000	1 600 000	600 000	6 781 251	20 181 251	30 158 513	31 666 439
10	1 жартыжылдық 2020	0	10 000 000	0	17 480 523	27 480 523	0	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	22 097 201	25 897 201	31 666 439	33 249 761
11	2 жартыжылдық 2020	0	0	0	20 214 122	20 214 122	10 000 000	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	4 751 634	18 551 634	33 249 761	34 912 249
12	1 жартыжылдық 2021	0	0	0	13 642 848	13 642 848	0	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	8 097 236	11 897 236	34 912 249	36 657 861
13	2 жартыжылдық 2021	0	0	0	27 508 106	27 508 106	10 000 000	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	11 875 213	25 675 213	36 657 861	38 490 754
14	1 жартыжылдық 2022	0	0	0	18 808 664	18 808 664	0	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	13 084 126	16 884 126	38 490 754	40 415 292
15	2 жартыжылдық 2022	0	0	0	14 899 386	14 899 386	0	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	9 078 621	12 878 621	40 415 292	42 436 057
16	1 жартыжылдық 2023	0	0	0	18 521 629	18 521 629	0	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	12 599 826	16 399 826	42 436 057	44 557 860
17	2 жартыжылдық 2023	0	0	0	14 779 162	14 779 162	0	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	8 751 269	12 551 269	44 557 860	46 785 753
18	1 жартыжылдық 2024	0	0	0	25 924 502	25 924 502	0	0	0	1 200 000	2 000 000	600 000	19 785 214	23 585 214	46 785 753	49 125 041
19	2 жартыжылдық 2024	0	0	0	71 955 004	71 955 004	0	50 000 000	0	1 200 000	2 000 000	600 000	15 698 752	69 498 752	49 125 041	51 581 293
20	1 жартыжылдық 2025	0	0	0	30 977 977	30 977 977	0	0	10 000 000	1 200 000	2 000 000	600 000	14 598 912	28 398 912	51 581 293	54 160 358
	БАРЛЫҒЫ	15 000 000	50 000 000	10 000 000	322 247 503	397 247 503	30 000 000	50 000 000	10 000 000	22 200 000	26 000 000	11 280 000	206 999 277	356 479 277		



ТРОШИТО И
ПРОНУМЕРОВАНО
НА 29 ЛИСТАХ

Қазақстан Республикасының заңдар жинағы
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

20 15 ж. « 25 »

Handwritten signature